

Қазақстан Республикасының және ғылым министрлігі  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Аграрлы-биологиялық факультеті  
Агрономия кафедрасы

**Солтүстік Қазақстанда дәнді дақылдарды  
ылғал сақтау  
Технологияларымен өсіру пәннің практикумы**



Қостанай, 2016

УДК 631,5  
ББК 41, 43 я73  
0-65

Авторлары. Оразбаев Қасымжан Шаяхметұлы, а.ш.ғ.к., профессор  
Байгабурова Құләш Қасымжанқызы, ә.ғ.к., доцент  
Хамзин Мәлс Сейтқалиұлы, а.ш.ғ.к., доцент  
Алтыбаева Гүлмира Қасымжанқызы, магистр

Рецензенттер;  
Жемпилсов Ш.С. - а.ш.ғ.к., экология және егіншілік кафедрасының  
менгерушісі профессор  
Бисембаев С.Т., - а.ш.ғ.к., М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-  
экономикалық университетінің технологиялары мен доценті

Солгүстік Қазақстанда дәнді дақылдарды ылгал сақтау технологияларымен өсіру  
пәннің практикумы Қ.Ш.Оразбаев, К.К.Байгабурова, М.С.Хамзин, Г.Қ. Алтыбаева.  
Қостанай А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мем.унив., 2016 - 426.

ISBN № 9965-757-82-8

Бұл оқудық - әдістемелік практикумда Солгүстік Қазақстан аймагында дәнді  
дақылдардың жаңа ылгал - ресурс сақтау технологиялары тегіс қамтылған. Негізгі бағыты  
топырак бетінде өсімдік қалдықтарын негұрлым көп қалдыру, топырак өндөу жұмыстарын -  
өнімге асер етпейтіндей шамасынша азайту (min), сүрі жер танабын жаңа технологиялармен  
өндөу, енімділігі жоғары жаңа ауылшаруашылық машиналары мен тракторларды пайдалану  
шаралары жергілікті ғылыми-өндірістік науқожелерге сүйене отырып жазылған.

Практикум 050801 мамандығы бойынша «Агрономия» факультетінің студенттері мен  
өндірістегі жас мамандарға арналған.

УДК 631.5  
ББК 41.43 я 73

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ аграрлы-биологиялық факультетінің әдістемелік көңесінде  
мақұлданған 24.09.2015 ж №7 хаттама

0 =  $\frac{37040410100}{00(05)08}$

ISBN № 9965-757-82-8

Оразбаев К.Ш.  
Байгабурова К.К.  
Хамзин М.С.  
Алтыбаева Г.Қ., 2016

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
1. Өсімдіктер өміріндегі судың маңызы туралы қысқаша түсінік.....	5
2. Топырақтағы ылғалдың жинауы мен сактау шаралары.....	6
3. Деректі ауыспалы егістерді таңдау.....	9
4. Сүрі жерді өндөу технологиялары.....	12
5. Уш танапты дәнді-сүрі жерді ауыспалы егісте дәнді дақылдарды өсіру технологиясы.....	15
6. Уш танапты дәнді-сүрі жерлі ауыспалы егісте әртүрлі технологиялармен өндөудің экономикалық бағасы.....	17
7. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдардың тұқымдарын себуге дайындау .....	18
8. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдардың себу мерзімі.....	18
9. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдардың себу мөлшері.....	21
10. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдардың тұқым сізіру терендігі.....	23
11. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдардың себу әдістері.....	24
12. Ылғал-ресурс сақтау технологияларында дәнді дақылдар егістігін күтіп баптау.....	26
13. Тұқымның әлита және жоғары репродукциясын өндіру, дәнді дақылдардың жаңа және перспективті сорттарын енгізу.....	27
14. Ылғал –ресурс сақтау технологияларындағы дәнді дақылдарды жинау әдістері.....	30
15. Бидай өнімін жинау алдындағы егістікті химиялық өндөу.....	34
16. Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	35

## Kіріспе

Астық өндіруді арттыру, бұрынғыдай, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының басты міндеттері болып отыр. Астық адам азығының негізгі көзі ғана емес, ол жануарлар үшін де ең маңызды азық, шетелге шығарылатын өнім, өнеркәсіп шикізаты.

Дәнді дақылдарды өсірудегі ылғал қорын сактау технологиясын жасауда Қарабалық, Арқалық, Львов тәжрибе стансаларының және Қостанай ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрофикациялау ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары мен қызметкерлері маңызды үлес қости.

Қарабалық тәжрибе стансасының сұрыпталған дәнді дақылдарының жергілікті жогары өнімді жіне құргакшылыққа төзімді сорттары тек облыста ғана емес, сонымен қатар, еліміздің көршілес аймақтарында да кеңінен егіліп, тұрақтану мен өнімнің артуына едәуір ықпал жасады.

Қостанай облысының әртүрлі аймақтары үшін егіс айналымдарын игеруге жасалған аймақтық көзқарас пен ұсынылған ауыспалы егісті колдану 20-30%-га жылтырған жердің әр гектарынан өнімді арттыруға мүмкіндік берді.

Егіндікке арналған жырттатын егіс танабы мен жай егіндік егіс танабының ауыспалы егістеріндегі топырақты өндеудің негізгі жүйесін енгізу 10-15%-ға дәнді дақылдардың артуын қамтамасыз етті.

Аз өнімді құнсыз жерлерді сактау үшін жасалған қор сактау технологиясы қосымша жаңа табыс алуға мүмкіндік берді.

Топырак үстінде масақты дақылдардың орылған орны мен ұсақталған сабанның қалуы топырақты жел мен сдан закымданудан сақтайты. Қысқа мекенді сабандардың үстіне егумен салыстырғанда, биік мекенді сабандардың үстіне егу (30 – 40 см) 10%-ға өнімнің артуын қамтамасыз етеді.

Аз өнделген топырақта дәнді дақылдар егуде ылғал қорын сактау технологиясы 2006 жылы Қазақстанда 5,2 млн.га жерде игерілсе, 2007 жылы 7,4 млн.га жетті, 2015 жылы бұл көлем 11 млн.гектардан асты.

Аз өнделген топырақта дәнді дақылдар егуде ылғал қорын сактау технологиясын қолдану мен 2011-2015 жылдары Қостанай облысында өнім алу тұрақтандырылып, әр гектардан 12-14 центнерден өнім алынды, жыл сайын 5,2 млн. тонна астық өндірілді.

Бұл практикум жұмыссының мақсаты - студенттерді жаңа технологияның негізгі элементтерімен таныстырып, дәнді дақылдарды егуге ылғал қорын сактау технологиясының жүйесін үрету.

## Сабак тақырыбы: «Өсімдіктер өміріндегі судың маңызы»

Өсімдіктердің жасушалары мен үлпаларының дұрыс қызмет аткаруында судың маңызы ете зор. Өсімдік бойында тіршілік процесстері үдемелі турде жүре бастағанда су протопластың негізгі құрамдық белігі болып табылады. Тірі клеткалардың құрамына кіріп, биологиялық процесстердің ортасы болады, топырақтан өсімдіктің бойына қоректік заттардың етуі үшін тасымалдау құралының қызметін атқарады және клеткалардың температурасын реттеп отырады. Өсімдікті топырақпен және ауамен байланыстырып, өсетін ортасының жағдайларына бейімдейді. Өсімдік суды вегетативті мүшелерінің қалыптаса бастаған уақытында көп қажет етеді. Соңыңтан, көптеген егінмен айналысатын аудандарда өнім алу деңгейі өсімдіктің даму кезеңінде ылғалмен қамтамасыздығымен анықталады.

Сонымен, Солтүстік Қазақстан аумағында ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруде нәтижені негізгі анықтауыш фактор өсіл-өну және даму кезеңінде ылғалмен қамтамасыздық көрсетеді. Қостанай облысы бойынша орта есептеш атмосфералық жауын-шашының жылдық қосындысы: бірінші аймақта 350-400 мм, екінші аймақта 280-330 мм, ушінші аймақта 220-250 мм. Өсу және даму кезеңіне жогарыда көрсетілген қосындыдан көп жылғы бақылаулардың мәліметтері бойынша барлығы 156 мм жауын-шашын келеді. Эрине, мұндай болса мол өнім алуға болар еді. Дегенмен, ғалымдардың айтудың, топырақты өндеудің қазіргі дәстүрлі үдемелі технология кезеңінде 50% атмосфералық жауын-шашын жок болып отырады. Осылан байланысты жылдың басқа кезеңдеріндегі жауын-шашының есебінен топырақта қосымша ылғалдың жиналу кажеттілігі туындаиды. Топырақта ылғалдың жиналуында басты орынды қыскы уақыттағы жауын-шашын алады. Ал, жазғытұрғы жаңбыр суларынан пайда болған ылғал мен жазғы жауын-шашын сулары негізінде булануға кетеді және топыраққа сіңіп үлтірмей өсу және даму кезеңіне жұмсалады. Өсімдік тек 0,2 % көлемінде ғана сіңірлігін суды қабылдап, калған 99,8 % -ы үстінен буланып кетеді. Булану нәтижесінен су өсімдік бойымен қозғалып, қоректік заттар жағалай таралады.

Біздің ғалымдардың зерттеуінен байқаганымыздай, кардың еруі кезінде булануға және ағуға 20-25 % қар суы жай жогалады. Бұдан басқа, ылғал (18-20 мм) қар ери бастаған кезден егу кезеңіне дейін булануға жұмсалады.

Егер шабылған аңыздың биіктігі 20-25 см болса, онда қыста түскен қардың қалындығы 23-24 см болады, ал аңыз биіктігі 40 см болса, әсіресе Джон-Дир, Енисей комбайындарынан кейін, онда қардың қалындығы 38-40 см дейін жетеді.

Көптеген ғалымдардың деректерінше сүрі жер нағыз ылғал жинауға дәйекті жер. Таза сүрі жерде 20-30 mm ылғал артық жиналады, ал қышадан себілген ықтырмалы сүрі жерде оның үстінен тағы 20 mm ылғал қосылады яғни ықтырмалы

сүрі жерде небары 35-40мм ылғал жиналады. Көптеген ауылшаруашылық құрылымдарының топыракты аз өндеу жүйесіне аудыс жолдарын іздеу, деректі шешімін табу, жиналған ылғалды ұтымды пайдалану осы ылғал-ресурс сактау технологиясының негізгі алға қойған мақсаты болды.

#### Сабак тақырыбы: «Топыракта ылғал жинау және оны сактау шаралары»

Біздің топырак-климат жағдайда жоғары түрақты өнім алудың ең басты факторы – ылғал болып саналады. Соңдықтан топыракты атмосфералық жауын-шаының жиналуы мен сақталуын және оны өсімдіктердің өсуі мен даму кезеңінде ұтымды пайдалану – түрақты астық өнімін алудың шешуші себептерінің бірі. Топыракта ылғалды жинау мақсатында келесі тәсілдер қарастырылады:

- а) топыракты өндеу терендігін азайтудың нәтижесінде топыракқа сіңген судың булану арқылы жоғалуын азайту;
- ә) ауыспалы егісте сүрі жердің міндепті түрде болуы және оның себебі;
- б) ықтырма себу әдісімен қыскы ылғал-кар ұстасу жұмысы;
- в) биік өсімдік сабактарын қалдырып қою есебінен ылғал жинау мәселесі;

**№ 1 кесте.** Қостанай облысы аймактарындағы кәдімгі технология кезіндегі жазғы бидайдың ылғалмен жабдықталуы.

Аймактар	Бір метр топырак кабат-дағы өнімді ылғалдың корлары, мм		Себуден пісуге дейінгі жауын-шаын мөлшері, мм	Ылғал пайдал ану мөлшері, мм	Ылғалмен жабдықталуы		1 ц астыққа ылғал шығыны, мм	өнімділік, ц
	Себу алдында	Жинау кезінде			Опти маңда, мм	Пайдалысы, м		
Бірінші	160	60	142	242	372	0,65	19,8	12,2
Екінші	125	40	130	215	391	0,55	20,7	10,4
Үшінші	108	25	102	185	410	0,45	21,0	8,8

г) топыракты өндеудің минималды әдісін қолдану. Ұсақталғаны сабан және өсімдік қалдықтары топырак бетінде жұқа қабат қурайды, топырактың кызу, температурасын азайтады және капилляр бойынша көтерілетін ылғалдың жойылуына үлкен кедергі келтіреді. Топырактың аэрациясы азайғаннаның

нәтижесінде органикалық заттардың өте тез минералдық заттарға айналуын кемітеді, ал топырактың тығыз қабатында – ылғалдың булануы азаяды.

д) Іықтырмалы танапта қардың қалындығы – ықтырма аралығына және ықтырма қатар санының қашықтығына байланысты. Бұл параметтерді мынадай тендеумен шешеді:  $Y = 87,1 - 2,8 \cdot X_1 + 12,9 \cdot X_2$ ;

Мұндағы:  $Y$  – қардың қалындығы, мм;

$X_1$  – ықтырма аралығының қашықтығы, м;


$X_2$  – ықтырмадағы қатар саны, дана.

Біздің есеп бойынша 2 – қатарлы, арасы 6 метрлік ықтырмада қыша себілсе, ол жерде қардан шығатын ылғал саны:  $87,1 - 2,8 \cdot 6 + 12,9 \cdot 2 = 100$  мм болады. Топырактың ылғалмен жабдықталуы алғы дақылдармен келесі градациялармен байланысты. (№ 2 кесте)

**№ 2 кесте.** Танаптардағы ылғалмен жабдықдау түрақтылығы.

П/П	Алғы дақыл	Ылғалды терендік	Ылғал көрсеткіші
1	Сүрі жер	100 см артық	өте жақсы
2	Егістік (шабындық дәнді дақыл)	90-100 см	өте жақсы
3	Егістік (шабындық дәнді дақыл)	70-80 см	Жақсы
4	Егістік (шабындық дәнді дақыл)	50-60 см	Орташа
5	Егістік (шабындық дәнді дақыл)	50 см төмен	Төмен (нашар)

Топырактағы ылғалдық корды-кәдімгі бұргылау ұнғысы әдісімен және «Монсанто» фирмасының сұнгісімен анықтайды. Бұл сұнгіні жерге батырған кезде ол бүкіл ылғалы бар топырак қабатына кіреді. Сұнгінің әрбір 10 см терендікке енгені – 10 мм өнімді ылғалдық бар екенін көрсетеді.



Биік орылған шабындық көрінісі (h=35cm)

**№ 3 кесте.** «Заречный» тәжірибе станциясы жағдайында жүргізілген танаптардағы ылғал жабдықтау есебі (23.02.08)

№ п/п	Агрофон	Ылғалдың күздік коры,мм	Қысқы ылғал коры			Барлық ылғал коры, мм
			Қардың қалындығы, см	Қардың тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	Қардағы су коры, мм	
Сүрі жердегі ылғал коры						
1	Таза сүрі жер	140	12	0,23	27,6	167,6
2	Ықтырмалы сүрі жер	120	40	0,25	100	220,0
Егістік фондағы ылғал коры						
1	Сыдыра өндөу	40	18	0,22	39,6	79,6
2	Өндөлмеген егістік	60	30	0,21	63,0	123,0

Жаздық бидайдың вегетациялық мерзімі 80-110 күн. Өсімдік өзінің өсуі және дамуы кезінде тұқымның көктеуінен –жана тұқым шығуына дейін 12 органогенез этаптарын өтеді.

**№ 4 кесте.** Жаздық бидайдың даму фазаларына байланысты ылғал пайдалану мөлшері

№ п/п	Даму фазалары	Фаза арасындағы кезеңнің жалғасуы, күн	Ылғал пайдалану, %
1	Өскіндер	7	7
2	Тұптену	22	17
3	Тұтікке шығу, масақтану	36	53
4	Гүлдену	12	10
5	Сүттік пісуі	7	10
6	Қамырланып пісуі	5	3
7	Вегетация ұзақтығы	89	100

**№ 5 кесте.** Қостанай облысы аймактарының ылғал сақтау технологиясына ауысқандагы топырактағы ылғалдың мөлшері, мм

№ п/п	Агроклима т аймактар	Өнімді ылғалдың коры, мм		Вегетаци я кезіндегі жауын- шашиң мөлшері, мм	Ылғал пайдалан у мөлшері, мм	1 ц астыққа ышыны , мм	Өнімділік , ш/га
		Себу алдында	Жинау алдында				
1	Бірінші	190	50	142	282	10,9	26,0
2	Екінші	160	30	130	260	11,2	23,0
3	Үшінші	120	20	108	208	14,0	15,0